

Оразбек НҰСҚАБАЕВ

Әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан (orazbek.nuskabayev@ayu.edu.kz) <https://orcid.org/0009-0007-2784-910X>

ХОРАСМ (ХОРЕЗМ) ХУНГУРЛАРЫ*
(тарихи-этносоциологиялық сараптама)

Андатпа: Түпкі түрік текті халықтар моңғолоид пішінді С гаплотобының бір тармағы С2-ден бұтақтанған С2с және С2d-дан, сондай-ақ еуреопоид түсті ОР құрама гаплотобының Р-сынан өрбіген Q-дан қайнарланған Q1a, Q1a3, Q1a3a1; R-інен тараған R1, R1a және R1b; N-нен жайылған N1, N1c1, N1b сияқты таза орталықазиялық гаплотоптар деп аталатын түпкі ата-бабалық рулық топтардан ұрпақтанған жұрттар болып биогенетикалық тұрғыда дәлелденеді.

Бұл гаплотоптар Орталық Азияда бұдан 60-20 мыңдай жыл бұрынғы аралықта пайда болып, өмір сүрген. Солардың бірі - «Хунгур» этнонимін иеленген рулық қауым болған. Хунгурлар өсіп-өніп көбейе келе, өздерімен бауырлас өзге рулық топтар қатарында Орталық Азияға жайыла қоныстанып, оны түгелге жуық мекен еткен.

Бұдан 12-11 мыңдай жыл бұрын хунгурлардың біршамасы өздерімен туыстас өзге де түрік текті аталық гаплотоптар қатарында Орталық Азияның оңтүстік-батыс аймағында да өмір сүрген. Өйткені ол замандарда бұл өңір сулы, көкорай шалғынды аң-құсы мол аймақ болған. Осыған қарай аймақ ішім-жемге, өсіп-өнуге қолайлы өңір саналған. Міне, сонан бері қарай өңірде адами тіршіліктің қаракеттер еш толыстамай әлі күнге дейін жалғасып келеді. Бұған әлі күнге өңірде үзіліссіз жүргізіліп келе жатқан археологиялық қазбалардан алынған жәдігерлер, қатпарланып қалған артефактілік қабаттар, топонимдер, гидронимдер, үзілмей жалғасып келе жатқан мәдени дәстүрлер куәлік етеді. Мақалада берілген суреттер ашық баспасөзден алынды.

Кілт сөздер: Хорасм, Хунгур, Хорасмия, Хунгур бектері, Ислам дінінің ханафи мазхабы

*Geliş Tarihi: 25 Eylül 2024 – Kabul Tarihi: 9 Aralık 2024

Date of Arrival: 25 September 2024 – Date of Acceptance: 9 December 2024

Келген күні: 25 қыркүйек 2024 ж. – Қабылданған күні: 9 желтоқсан 2024 ж.

Поступило в редакцию: 25 сентября 2024 г. – Принято в номер: 9 декабря 2024 г.

DOI: 10.59358/ayt.1555913



Orazbek NUSKABAYEV

Doctor of Sociology, Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan
(orazbek.nuskabayev@ayu.edu.kz) <https://orcid.org/0009-0007-2784-910X>

HUNGURS OF KHORASM (KHORESM)

(historical-ethno-sociological examination)

Abstract: The indigenous Turkic peoples are Q1a, Q1a3, Q1a3a1, descended from C2c and C2d, branching off from C2, the branch of the C haplogroup of Mongoloid form, and from Q, branching off from P of the composite haplogroup NOP of Caucasoid coloring; R1, R1a, and R1b, descended from R; and pure Central Asian haplogroups such as N1, N1c1, and N1b, spreading from N. These are biogenetically documented as people descended from the original ancestral tribal groups.

These haplogroups originated and lived in Central Asia 60,000–20,000 years ago. One of these tribal communities bore the ethnonym “Hungur.” The Hungurs grew, multiplied, and settled in Central Asia alongside other related tribal groups, colonizing much of the region. About 12,000–11,000 years ago, some of the Hungurs lived in the southwestern region of Central Asia among other related Turkic male haplogroups. At that time, this region was characterized by watery meadows, abundant wildlife, and birds, making it highly suitable for sustenance and growth.

Since then, human life in the region has continued uninterrupted. This continuity is evidenced by artifacts uncovered in archaeological excavations, layered strata of relics, toponyms, hydronyms, and cultural traditions that persist to this day. This study aims to explore the historical and ethno-sociological context of the Hungurs in Khorezm.

Keywords: Khorezm, Hungur, DNA analysis, Artifacts, Hanafi school of Islam

Kipicne

Хунгурлар Хорасмда оңтүстігі – Үнді жері, батысы – Тигр, Евфрат өзендерінің төменгі ағысы маңы аралығында лулу, кашгай, слур, ас, ар (ер), суар (хуар), маңлар (маңдар), т. с. с. басқа да ондаған арғы түрік текті халықтар қатарында өмір сүрген. Ал қазіргі Иран Әзербайжаны аумағындағы Үрмиә көлінің оңтүстік жағалауларын

туруккилер жайлап отырған. Осыған сәйкес Алдыңғы Азияны мекендеген арғы түрік текті халықтардың өмірі, тұрмысы және жаугершілік жорықтары жайлы деректер шым-шымдап болса да ежелгі шумер, аккад, урарту тілдеріндегі жазбаларда кездеседі.

Келе-келе өңірдегі суар және ас этностарының ұйымдастырушылық әрекеттерінің нәтижесінде өлкедегі барлық түрік текті жұрттар бірігіп Суарас атанған. Бертін келе «суарас» атауы тіл өзгерісіне байланысты Хуарасқа айналған. Осыған сәйкес жергілікті халық туып, өсіп-өнген ата мекендерін Хуарасм (Менің Хуарасмым) деп атап кеткен. Кейіндеу келе өңірдегі мемлекеттік құрылымды иеленіп, билік жүргізгендер Хунгурлар болғандықтан көрші халық – парсылар жергілікті барлық түрік текті халықтарды бір аталымға жинақтап, Хуарасм хунгурлары деп атаған (Закиев, 2011, 127-131 -б). Өте ерте замандарда бұл өңір Хорасм деп аталғанын, бұл деректі алғаш рет ерте дүниелік грек тарихшысы Гекатей Милетский өзінің тарихи еңбектерінде келтіргенін айтып, осыны методологиялық бағдаршам ретінде ұстанған татар ғалымы М.Закиев, Хорасм өңірінің байырғы халқы кімдер болғаны туралы біршама ескілікті жазбаларды ой елегінен өткізіп, аталған мәліметтік деректерді ғылыми айналымға қосқан.

Бергі замандарда ғана Хуарасм атауы аймақта өмір сүріп отырған түркімен халқының сөз саптауларына қарай Хорасмға/Хорезмге айналған.

Зерттеу әдістері

Зерттеудің әдістемесін ДНК-анализдік, археологиялық, этносоциологиялық, этимологиялық, этнографиялық тәсілдер құрады. Сонымен қатар зерттеуде тарихи-генетикалық, тарихи-салыстырмалы, зерттеулердің қолданбалы әдістері, реконструкциялық тәсіл, диахроникалық талдау, хронологиялық әдіс, лингвистикалық талдау, т.б. пайдаланылды.

Талдау мен нәтижелер

1. Хорасм (Хорезм)


Хорасмды жергілікті түрік текті халық ж.с.д. 10-шы мыңжылдықта-ақ өз заманына сай бай өңірге айналдырған. Сол замандарда-ақ өңірде ұсақ мал қолға үйретіліп, бағылған. Кетпенмен жер өңделіп, егін егілген. Өнім тап-тұйнақтай етіліп, күзде жиналып алынып отырған. Халық тоқшылықта өмір сүрген. Артық өнім айырбасқа, бертіндеу келе сауда-саттыққа шығарылған. Есеп-қисап

Türkoloji

№ 4 (120), 2024

ОРАЗБЕК НҮСҚАБАЕВ

жүргізілген. Қолөнер мен ұсталық барынша дамытылған. Жанында сауда-саттыққа арналған ірі базарлары бар ондаған кенттер (қалалар) бой көтерген. Мысалы Қалалықыр, Топырақ-қала (қазіргі аталымдары), т.т.



Хорасмның ең ежелгі археологиялық ескерткіштері палеолит дәуірін де қамтиды. Әмударияның ежелгі Ақшадария атырабы аумағынан өте ерте дәуір аңшылары мен терімшілерінің қоныстары табылған. Неолит дәуірінде-ақ аймақты мекендеген жұрттар қарапайым суармалы егіншілікпен және мал шаруашылығымен айналысқан. Энеолитте қола өндірісі өрістетілген. Өңірде жүргізілген археологиялық қазбаларда қоныстық мекендерде жартылай жеркепелердің қалдықтары байқалған. Дамыған суғару жүйелері, егін алқаптарының ізі, дән үккіштер, қол орақтар, кетпендер, пышақтар алынған. Отырықшы қоныстар кенттерге (70-80 үйге дейін көбейген) айнала бастаған. Халық саны артқан.

Бұл фактілік айқындама соңғы жылдары өңірде жүргізілген палеогеографиялық зерттеу нәтижелерімен де қуаттала түскен. Сонымен қатар жергілікті халықтың арасында жүргізілген ДНК-анализ негізінен өңір халқын түрік текті R1a және R1b гаплогруппы аталықтардан ұрпақтанған жұрттар құрайтынын да айқын анықтап берген. Сол ерте дәуірлерде-ақ жергілікті түрік текті халықтар адам санының өсуіне қарай жиі-жиі Иран үстіртіне, Үндістанға және Таяу Шығысқа көшіп отырған. Олар одан да әрі қарай озып Африкаға, Еуропаға, сонау алыста жатқан Скандинавияға дейін өріс ұзартқан. Олардың қатарында хунгурлар да болған.

«В Европу хлнули из Центральной Азии кочевой народ 12–10 тысячи лет назад. А, 7-6 тысяч лет назад континент целиком заполнили орды кочевников – скотоводов степного генетического типа, которые оставили заметный след в генах людей севера Европы. Генетическое наследие всех этих предков перемешало в европейцах в весьма сложный коктейль.

После в истории континента тоже были из Центральной Азии переселение много народов и они оставили много след».

«Тюрки скотоводы и земледельцы с конца неолита и в железном веке принесли на просторы Европы неизвестную ранее культуру, которая имела ряд специфических черт, такие как курганные захоронения, одомашненные животные (овца, коза, рогатый скот, лошадь, верблюд) и металлургию. Почти все образцы из бронзового и железного века погребенных в курганных захоронениях Центральной Европы, а так же в причерноморских и прикаспийских погребениях (ямная, катокмбная, срубных и др.), вплоть до погребений в Сибири и таримцев на территории современной Уйгурии, принадлежало центральноазиатским тюркам» (Margaryan, et. al, 2020, pp. 390–396).

Мысал алынған сілтемелер даниялық Копенгаген университеті генетиктерінің үстіміздегі жылы «Nature» ғылыми журналында жариялаған мақаласынан алынды. Мақала авторлары 11000 – 1000 жыл аралығында Еуропада өмір сүрген 1664 адамның сақталған қаңқа сүйектеріне олардың шығу тектерін анықтау мақсатында арнайы ДНК-анализ жүргізген. Әрі анықталған зерттеу нәтижелерін бүгінгі еуропалық 24 500 адамның шығу тегі туралы Британия кітапханасына жинастырылған шығу тектері анықталған генетикалық генеалогия деректермен салыстыра талдап жоғарыдағы мәліметтерді айқындаған.

Дей тұрғанмен орталықазиялық түріктекті халықтардың Еуропаға қарай ондаған мыңжылдықтар бойы толқын-толқын болып өткен көші-қондық үдерістері орыстың «әсіре ұлтшыл патриот» ДНК-генеалогия мамандары тарапынан үнемі теріске шығарылып келеді.

Осындай теріс әдеттерімен олар: бір жағынан, Каспий теңізінің оңтүстік-батысынан Анатолияны басып өтіп, Босфор бұғазы арқылы Балканға жетіп, одан Еуропаға тараған аталық R1a, R1b, R2, J2a, G1, G2, Q, J1, I1, I2, L сияқты гаплогрупптардың таза түрік текті екендігін жасыруға тырысады. Оның орнына жалған мәліметтерін шындық етіп көрсету үшін қайдағы бір қайдан келгені, қалай пайда болғаны белгісіз ойдан құрастырылған өтірікті мәліметтерін тықпалайды. Екінші жағынан, бұдан 12–9 мыңдай жыл бұрын-ақ түрік-моңғол текті аталақтар - R1a1, R1b1, N1c1, N1b, C2c, C1d гаплогрупптары шығысы -

Ертіс өзені, орталығы – Каспий және Қара теңіздердің солтүстігі, батысы - Дунай өзені алаптары, теріскейі - Мұзды мұхиты аралығын жерсініп отырғанын ұмыттыруға ұмтылады. Сол уақыттардан бері қарай өңірдің алғашында Ұлы дала, бертіндеу келе Қыпшақ даласы деп аталғанын да жасырып, құлыптап ұстайды.

YFull компаниясының дәлелдемесі бойынша, орталықазиялық R1a және R1b гаплогрупптары бұдан 32 мыңдай жыл бұрын F>R>R1 гаплогруппынан мутацияланған. Ал R1a-ның ұрпақтарынан бұтақтанған гаплогрупптардың бірі M-417 субклады (R1a1a1) бұдан, шамамен, 5800 жыл бұрын (Underhill et al, 2014) Орталық Азияда аяқтанған. Осы M-417 гаплогруппынан бұтақтанған R1a-Z282 (оған R1a-Z280-ді қоса есептегенде) субклады Азияға да, Кавказға да, Таяу Шығысқа да, Еуропаға да тараған. Бұл субклад жоғарыда аталған өңірлерде R1a1a гаплогруппы түрінде көріністенеді.

Ал SNP R-M420-ның мутациясы R-M17-дан (R1a1a) кейіндеу байқалған. Бұл R-M420 субкладын R-M17-ге алып баратын R-SRY10831.2 (R1a1) линиясынан басқа жаңа аталық топ құруға мүмкіндік тудырады. Бұған генетиктердің 2012 ж. ирандық азербайжандар бойынан R1a (SRY10831.2) гаплогруппына және өте ерте дүниелік R1a (M420) аталық гаплогруппына тән зәуазаттарды табуы себепші болған (Grugni V. et al 2012; Underhill, et. al. 2014).

Атап айтқанда, американдық П.Андерхиллдің жетекшілігімен әлемнің ең алдыңғы қатарлы 32 генетигі түрік текті азербайжан халқы мекендейтін Иран үстіртінде жүргізген палеогеографиялық зерттеу нәтижелері мынаны анықтап берген. R1a-M420 субклады бұдан 5800 жыл бұрын аяқтанған. Бұған растамаға 24R1a-M420 (xSRY1083172) субкладының Иран үстіртінен жиналған 18 және Шығыс Түркиядағы азербайжандық ескі қорымдардан алынған 3 сүйекке жүргізілген генетикалық зерттеу нәтижелері куәлікке тартылады. Себебі алынған хромосомалық дәйектер сүйек иелерінің бұдан 5800 жыл бұрын өмір сүргендігін айқындап беріп қана қоймаған, сонымен қатар ол адамдардың R1a гаплогрупптық аталықтан қайнарланғанын да анықтап берген. Салыстырмалы талдау үшін бақылауға тартылған 6 адамның бесеуінкі R1a1-SRY10831.2 (xV417 / Page7)-ны көрсеткен. Осы растама-ақ R1a-M420 гаплогрупптық субкладының аталық R1a гаплогруппы ұрпақтарынан өмірленгендігін анықтап берген (Grugni, et. al. 2012; Underhill et al 2014).

Жоғарыдағы сараптамаларға қарағанда, қайсыбір орыс генетиктерінің R1a мен оның субкладтарын Днепр өзені бастау алатын

маңнан қайнарландырып, олардың бәрі «праславяне > арии > русские» деп дәріптеулері сын көтермейді. Олар үлгілеп жүрген бұл тұжырымның өтірік екендігін бір топ прогресшіл орыс ғалымдарының өздері де қатты сынға алған (Статья опубликована в газете..., 2015: 170 -б).

«Әсіре ұлтшыл-патриотшыл» ДНК-генеалогия өкілдерінің жоғарыдағыдай жалған түсіндірмелері дұрыс пікірлі өзге орыс ғалымдары тарапынан да жиі сынға алынады.

Айталық, археолог, тарих ғылымдарының докторы Л.С.Клейн R1a және оның бір субклады болып саналатын R1a1a таза «праславяне > арии > русские» болып табылады деген пікірді өткір сынға алған мақаласында былай дейді:

Что, вся система аргументации построена на ложных основаниях, обеспечивающих простор разгулу индивидуальных предрассудков и пристрастий. Все основные тезисы, положенные в основу их этногенетических взглядов, – гаплогруппа как род, R1a как метка славянства, арии как биологическая общность, этнос группа родов – все это идет вразрез с принципами современной науки. Этногенетика называемая как «ДНК-генеалогия», – не генетика вообще и даже не современная генеалогия, она далека от объективного изучения этногенеза. Это помесь генетической техники со средневековой генеалогией и националистической идеологией» (Клейн, 2018, 10-11 -б).

Дей тұрғанмен «әсіре ұлтшыл-патриотшыл» орыс ғалымдары тарапынан жалған мәліметтер таратып, қаралау ісі ешбір толастар емес. Себебі орыс билігі түрік текті халықтар отаны – Сібірді, Поволжьені, Оралды, Астраханды, Кавказды, Қырымды, Қазақстанды, Орта Азияны, т.б. жаулап алысымен, өңірдің абориген тұрғындарын жусатып ұстау үшін оларға жасампаздыққа толы тарихын ұмыттыруға бар күшін қосты. Ғалымдарына түрік текті халықтардың шынайы тарихын бұрмалатып, жалған тарих жаздыртты. Орыстың тұздығы жоқ бір тұтам тарихын бөстірте мадақтатып, өтірік тарих құрастыртты. Қарсылық білдіргендер, соның ішінде, алдымен, бұратана халықтар тарихшылары өлім жазасына кесілді.

Осыған қарамастан орыс, қала берді бұратана халықтар ғалымдары арасында ақиқатты, шындықты термелегендер аз болмады. Мысалы, орыс тарихшысы В.О. Ключевскийдің орыс халқының, Ресей империясының қалай және қашан пайда болғандығы туралы тарихи еңбектері әлі күнге құрметке ие. Бүгінгі украин тарихшысы В. Белинскийдің, еңбектері де өте тартымды оқылады. Түрік-моңғол текті

халықтардың тарихы мен тілі жайлы шынайы жазылған С.Е.Маловтың, А.Щербактың және басқалардың еңбектері де әлем халықтары арасында өте жоғары бағаланады.

Айталық, орыстың ұлы түркітанушысы С.Е. Малов былай жазды.

«Западно-тюркские языки пока- зывают, что они прошли слишком большую и долгую жизнь, они испытали на себе много разных влияний и пр. Это не могло произойти в очень короткий срок. Все переселения тюрков из Центральной Азии, какие мы знаем (например, хунгуры, гуны, монголо-татары), не произвели на западе того языкового влияния и переворота в пользу восточно- тюркских языковых элементов, какие можно было ожидать, если бы здесь на западе не было бы уже своих установившихся и отстоявшихся издавна западно-тюркских языков» (Малов, 1951, 29 -б).

Орыс ғалымдары арасында хорасмдық (хорезм) хунгур/ат/тардың тыныс-тіршілігін шынайы көрсеткен ғалымдар да аз болмады. Олардың қатарында шығыстанушылар В.В. Бартольдты, Н.И. Веселовскийді, А.Ю. Якубовскийді т.б. атауға болады. Әсіресе өлкенің Хорезм аталған замандардағы шынайы болмысы тарихшы С.П. Толстов басқарған археологиялық-этнографиялық экспедицияның жұмысы нәтижелерімен қордалана түсті.

2. Ж. с. д. VIII ғ. - ж. с. XII ғ. аралығындағы хорезмдіктердің тыныс-тіршілігі

Түркілік ерте дәуір халықтары туралы ондаған қызықты басылымдардың авторы орыс тарихшысы И.В.Пьянков хорасмдықтар ж.с.д. VIII ғ. территориясын Сырдария өзенінің төменгі ағысы аумағына дейін кеңейтіп, өздеріне сол маңда мекендеп отырған сақ-массагет тайпаларын қосып алды (Пьянков, 1972, 2–20 -б), – дейді. Мемлекет астанасы грек оқымыстысы Гекатей Милетскийдің «Землеписание» атты еңбегінде жазылғандай, Хорасмия деп аталған. Кейіндеу келе бұл қаланың орнында Үргеніш (қазіргі атауы Көнеүргеніш) қаласы бой көтерген.

Ж.с.д. VII-VI ғ. бірінші жартысында хорасмдық хунгурлар бүкіл Орта Азия мен Шығыс Иранға билік жүргізді. (Хорезм в истории..., 2013, 14-29 -б). Өлке барынша гүлденіп, дамыды. Хорезм жұртында ірі магистральдық каналдар жүйесі іске қосылды. Суармалы егіншілік техникасы барынша дамытылды. Далалық өңір тұрғындары негізінен мал шаруашылығымен айналысты. Дей тұрғанмен VI ғ. екінші жартысында өңірдің барынша құлдырауы байқалды. Бұған өңірдің

ирандық Ахемен империясына тәуелді болуы себепші болды. Отарлық тәуелдіктен хорезмдіктер V ғ. соңына таман құтылды. Ел экономикасы қайта дамып, мәдени өмірі жоғары көтеріле түсті. Хорезмдіктер өз әліпбиін құрастырып, жазу-сызуды, есеп-қисапты жолға қойды. Оның дәлеліне Топырақ қала орны қазылғанда теріге жазылған тарихи еңбектердің, есеп-қисап құжаттарының көптеп табылуы куәлік етті. Ең басты жаңалық – табылған құжаттар мен есеп-қисаптардың көне түрік тілінде жазылғандығының анықталуы болды.

Александр Македонскийдің шығысқа жасаған жорығы кезінде Хорезм халқы біршама жапа шекті. Бірақ ж.с.д. 3-2 ғ. Хорезмнің экономикасы да, мәдени өмірі де жаңғырды. Ескі суғару жүйелері кеңейтіліп жетілдірілді. Жаңа тұрғылықты мекендер мен кенттер бой көтерді. Мысалы, Базарлыкент, Жамбас қала, Қой қырылған қала, т.б. ірі кенттерге айналды. Көне түркілік Хорезм мемлекеті шығыстан ағылып келіп жатқан түрік текті халықтардың жаңа лектерінің ықпалымен толығып, асқақтай түсті. Бұрынғысынан да құдіреттенді.

Жалпы бүгінгі әлемдік тарихнамада сонау есте жоқ ескі замандарда-ақ түп негіздегі түрік текті халықтардың бірі хунгурлардан қайнарланған аталық гаплотоптардан ұрпақтанған жұрттар Солтүстік Қытайдан Орталық Еуропаға дейінгі далалық өңірлерде өмір сүрді. Орталық Азияның оңтүстік-батысында олардың қонысты мекендері Амударияның жоғары сағасынан асып, Оңтүстік және Алдыңғы Азияны түгелге жуық қаусырып жатты, дегендей ұстаным тұрақтанып келеді. Оған XX ғ. екінші жартысында Кеңес Одағы Ғылым Академиясының тарих, археология және этнография институттары ғалымдарының өңірде арнайы жүргізген зерттеулері ашқан жаңалықтар себепші болды. Осы зерттеулер нәтижесінде өңірді мекендеген түрік текті халықтардың ерте замандардан орта ғасырлар аралығындағы болмысы, шаруашылығы, өндірісі, өнім өңдеу, қолөнері кәсібі және мәдени өмірі туралы өте құнды мыңдаған артефактілік – заттай және жазбалай материалдар жинақталды.

Мұның растамасына осы арада реті келіп тұрғандықтан, өңірде археологиялық, этникалық және этнографиялық зерттеулер жүргізіп, олардың нәтижелерін жариялаған С.П.Толстов, Т.А. Жданко, Я.Г. Гулямов, В.М.Массон, У.Х.Шәлекенов және олардың шәкірттерінің еңбектерінен біршама деректерді айтуға болады.

Хорезм өлкесінде отырықшылық мәдениет антика дәуірінде-ақ қалыптасқан. Оны түзушілер жергілікті Хорасмилер (хунгурлар) болды. Жергілікті халық сол замандарда-ақ отырықшылық мәдениеттің

іргетасын қалап, оның орталығы болған үлкенді-кішілі шаһарлар салды.

Солардың бірі Кюзали-ғыр (Күзелі-қыр) шаһары. Оның алып жатқан жер көлемі 1 км. Оны қазған кезде табылған археологиялық деректер ж.с.д. VI-V ғ. хорасмилердің мәдениетін сәулелендіреді. Осы қаланың шығысында Қалалы-қыр шаһары орналасқан. Археологтардың зерттеулері бойынша бұл қала ж.с.д. V ғ. өте гүлденген шаһар болған. Қала орнынан қазып алынған заттай айғақтар өңір халқы көп пайдаланатын, тұтынатын – ыдыс-аяқ, қыш құмыралар, дәретханалық және жуынды су қашыратын көмілген құбырлар, шот, кетпен, орақ, дирімен, т.б. құралдар ретінде тіркелді.

Хорезм археологиялық экспедициясы Амударияның орта, төменгі ағыстары маңында ж.с. VII-II ғ. аралығында қанаттанған Жанбас-қала, Құрғаншы-қала, Базар-қала, Қой қырылған-қала, т.б. елді мекендердің орындарын қазып, өте көп артефактілік материалдар жинады. Сырдарияның төменгі ағысы маңынан жартылай көшпелі халықтарға тән заттай айғақтар тапты. Әсіресе, Жетіасар, Шірікрат, Бабашмолда, Біртам кенттерінен аршып алынған заттар жергілікті халықтың суармалы егіншілікпен де, үй маңында мал ұстап баққанын да, балық аулау кәсібімен айналысқанын да, қолөнер кәсібін толық меңгергенін де, ұсталықты толық меңгеріп, тұтыну заттарымен қатар қару-жарак соғу ісін жолға қойған жұрттар болғанын куәлендіріп берді.

Топырақ қалада (ж.с. VI-III ғ.) Хорезм билеушілерінің зәулім сарайлары болған. Қала Жібек жолының бойында орналасқандықтан қалада өте ірі халықаралық сауда орталығы орналасқан. Топырақ қала хорезмдіктердің ең ірі әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени астанасы ретінде бағаланған. Топырақ қаланың орны Амударияның төменгі ағысында бүгінгі Қарақалпақстанның Бируни ауданында. Орнының көлемі үлкен. Қазба жұмыстары әлі күнге дейін жүргізіліп келеді. Оның жақын маңында Қият қаласы бар. XIV ғ. астана Хиуада болған.

Хорезм өңіріндегі мәдени өмір мәселелері төңірегінде сөз қозғар болсақ, өңірдің негізгі халқы түрік тілді болғандықтан тілдік қатынас, өнер, рухани ұстаным, жазу- сызу есеп-қисап, т.т. таза түрік тілінде дамыған. Зерттеушілердің жазуынша, бұған араб, парсы және түрік текті ғалымдар Әл-Хорезмидің, Әл-Берунидің, Әл-Якубидің, Ибн-Хордабектің, Әл-Хамаданидің, Ибн-Джафардың, Әл-Масудидің, Әл-Истархидің, Әл-Макдисидің, М.Қашқаридің, Әл-Асардың, Абдул-Федидің, Әл-Омаридің, Ибн-Араб-шахтың, Мухаммед ибн Мансур

Мерверридидің еңбектерінде нақты көрініс тапқан жазбалар куәлік етеді. М.Мерверриди «Тарихи Мубарак-шах» атты еңбегінде «Түріктер елінің шығысы Қытайға дейін, батысы Византияға (Рум), солтүстігі Мұзды мұхитқа дейін, оңтүстігі Үндістанға дейінгі жерлерді алып жатыр» деп ап-анық етіп жазған. Осы кең байтақ жерді мекендеген түрік текті халықтар (олардың ішінде хорезмдік хунгурларда бар) отырықшы, жартылай отырықшы және көшпелі өмір сүріп, көп салалы шаруашылықты /ауыл шаруашылығы, экономика саласы, өндіріс, өнім өңдеу, ұсталық, қолөнер кәсібі, т.б./ дамытқан (Шәлекенов, 2002, 5 –б).

«Авеста» байырғы түрік текті халықтар мекендеген Хорезмде дүниеге келген. Авесталық қасиетті уағызнама ж.с.д. VIII-VII ғасырларда хорасмдықтар (хунгурлар) арасында өсиеттеліп, шығыс елдеріне тараған. Шығармада орталықазиялық халықтардың жүздеген жылдар бойы қалыптасқан дәстүр салты, өмірлік ұстанымдары, мифтік аңыздары, рухани мұралары жинақталған (Еңсегенұлы, 2011, 71 -б). «Түр»+ік халықтық аталым, мағынасында «адамзаттың түп атасы» дегенді білдіреді. Өсиетнаманы құрастырушы Зәрдүш (Заратуштра/Ақылман, не Зурхайч /Жорушы) ж.с.д. VIII ғ. Алтай мен Сырдария арасындағы далалық өңірде дүниеге келіп, сол өңірде алғашқы пайғамбарлық ғұмырын бастаған. Бірақ, уағыздары жергілікті биліктегілерге ұнай қоймағандықтан, қудаланып, Иран үстіртін асқан. Хуньюй (хунгур) >хяньюнь (хиенйүн)>юечжи (ғұз,оғыз халқының) бір тармағы саналатын көшпелі парн (апарн, апар – дах/дайлардың бір тармағы) жұртының көсемі, дала көкжалы Арсақ (Аршак) хан аяқтандырып, дәуірлеткен әйгілі Парфия мемлекеті заманында (ж.с.д. 250 – ж.с.224 ж.) Заратуштра ілімі ресми дін дәрежесіне көтерілген (Бейсенбайұлы, 2015, 154 –157 -б).

Ж.с.д .175 ж. ел билігі хунгурлардан бұтақтанған Қаңлы аталығының қолына шоғырланды. Хорезмдіктер Хұндардың одақтасы ретінде халықаралық істерде айтарлықтай рөл ойнай бастады (Малявкин, 1989, 201 -б).

Қайсыбір басылымдарда хорезмдіктер ж.с. I ғасырында эраның басталуы туралы ұғым-түсінік ойлап тауып, жаңа календарь енгізді, делінеді. Дегенмен түркілік заңғар ғалым Әбу Райхан әл-Бирунидің «Бұрынғы өткен ұрпақтар ескерткіштері» атты еңбегінде бұл фактінің ж.с.д. VIII ғ. орын алғандығы мәлімделеді. Өйткені Хурасм қаласының негізі сол уақытта қалыптасқан болатын (Абу Рейхан Бируни, 1957, 47 -б).

Ж. с. 305 ж. бері қарай санағанда бірнеше ғасыр бойы Хорезм мемлекетінің билігі Африг патша мен оның ұрпақтарының қолында болды. Астана Қият қаласы атанады. 712 жылы Хорезмді арабтар жаулап алды. 1017 жылы Хорезмді Махмұд Ғазнауи сұлтан, 1043 ж. салжұқтар биледі. XI ғ. соңында Хорезмдік билікті Хорезмшахтар әулеті иеленді.



Хорезмшах мемлекетінің территориясы


Ж.с. 220 ж. Шыңғыс хан әскерінің жойқын шабуылынан Хорезмшах мемлекеті келмеске кетіп, Хорезм Моңғол империясының құрамына енді.

3. Хорезм Жошы ұлысы құрамында

1221 ж. Хорезм алдымен Моңғол империясының, бірақ араға аз ғана уақыт салып осы алып империяның бір бөлшегі саналатын Жошы Ұлысының (мемлекетінің) құрамына енді. Бұған Шыңғыс ханның 1225 ж. жаулап алған жерлерін көзі тірісінде бәйбішесі Хунгур/ат/тар көсемі Дэй шешеннің қызы Бөрте ханымнан дүниеленген 4 ұлына бөліп беруі септігін тигізді.

Осы бөлісте Қыпшақ даласы Жошыға, Іле, Жетісу, Мауераннахр өлкелері Шағатайға, Иран және Кавказ өңірі Темір қақпаға (Дербент) дейін Төлеге, Шығыс Түркістан мен Алтай аймақтары Үгедейге бөлініп берілді. Шыңғыс хан ата жұрты Моңғолияны және Қытайдан тартып алған аймақтарын өз құзырында қалдырды.

ХОРАСМ (ХОРЕЗМ) ХУНГУРЛАРЫ



КАРТА 3. МОНГОЛЬСКАЯ ИМПЕРИЯ И СОПРЕДЕЛЬНЫЕ СТРАНЫ В 1248 г.

Жошы ұлысының шаңырағы 1224 ж. Ертіс өзенінің орта ағысы маңында көтерілді. Келе-келе ұлыс империя астанасы Қарақорымдағы биліктен енші алып бөлініп шығып, «Қыпшақ хандығы» деп аталып кетті.

Жошы табиғатынан кең пейіл, бейбітшілік сүйгіш жан болды. Оның мысалы – моңғол әскері Хорезм қаласын қоршауға алғанда Жошының қаланы қиратуға бауырлары Шағатай мен Үгедейге қарсылық білдіруі. Сонан бұл іске Шыңғыс ханның өзі араласып, Жошыны Сырдарияның төменгі ағысындағы Жент және Жанкент қалаларын шабуға жіберген. Жошы кетісімен бірнеше айлардан бері алынбай жатқан қаланы Шағатай мен Үгедей әскері халқын қырып-жойып бар-жоғы 7-ақ күнде тас-талқан еткен.

Жалпы барлық жаулап алушыларға тән қасиет, өздеріне қатты қарсылық көрсеткен елдерді, оның халқы көп шоғырланған ірі елді мекендері мен қалаларын шапқыншылар жермен-жексен етіп, халқын қырғындайды. Шыңғыс хан билігі де Орта Азия елдерін жаулап алғанда осы тәсілді ұстанды. Соғыс басталған 1218 жылдан, ол аяқталған 1224 жылға дейін, яғни алты жыл бойы Орта Азия елдерін аямай жойды. Халқын барынша тонады.

Орта Азия елдері мен халқы түгел жуасып, жаулап алушылардың билігін толық мойындағаннан соң, отарлыққа түскен елдер мен ондағы халықтарды бөлшектеп, қайта бөлді. Сөйтіп оларды империяның жаңа субъектілеріне айналдырды. Бөлшектеліп, қайтадан құрастырылған жерлер мен ондағы халықтарды түлету үшін мемлекет қазынасынан қыруар қаражат пен материалдық ресурс бөлдіртіп, жаңалап жаңғыртуға кірісті. Онсыз соншама елдер мен халықтарды бағынышта ұстап, мемлекет мүддесіне қызметтендіру мүмкін емес еді.

Жошы хан да өз қарамағына берілген өңірді жаңғырту жұмыстарын қызу қолға алды. Ол Хорезм өлкесін жаңғыртуды нағашы жұрты хунгур/ат/тарға жүктеді.

-Нағашылар! Жиендерің Жошы сендерге Хорезм өлкесін түлетуді міндеттейді. Өңір халқы сендерге алыстау болса да туыс болып қосылатын халық. Сендердің қандас бауырларың! Өлкені сендер түлетпегенде, кімдер түлетеді. Сонда барып іске кірісіңдер! – деп бұйрық беріпті. Өйткені, ескілікті қытайлық дереккөздеріне қарағанда, өлке халқы сонау есте жоқ ескі замандарда аталық жұрт – Ордос хунгурларынан бөлініп келіп Хорасмды (қазір Хорезм аталып отырған өңірді) жерсініпті. Келе-келе өңірде өсіп-өнген халық Хорасмдық (Хорезмдік) хунгур/ат/тар атауын иеленіпті.

Қызу іске кіріскен хунгур/ат/тар XIII ғ. екінші жартысында-ақ Хорезм астанасы Үргенішті қайта түлетіп, қаланы ірі өндіріс, өнім өңдеу, көлөнер мен ұсталық кәсіптері жан-жақты қалыптасқан, мешіттері, оқу мектептері, ірі кітапханасы, ауруханасы бар, өнері мен мәдениеті дамыған, халықаралық сауда-саттығы өркендеген, зат қабылдап, сақтай алатын базасы мен базары үлкен орталыққа айналдырып жіберіпті. Осылайша Хорезм өңірінің қайта түлеуі басталыпты. Өңірдің тез қайта өркендеуі, мәдениетінің асқақтауы өңірмен экономикалық және сауда-саттық қатынас түзген араб парсы, қала берді, Оңтүстік Еуропа елдері (Испания, Италия, Балкан түбегі елдері) елшілері мен саудагерлерін тәнті етіпті.

Өңірдің суғару жүйесі қайта жаңартылып, кенттер ондаған жаңа ірі-ірі елді мекендермен толығыпты. Ауыл шаруашылығы барынша өркендетіліпті.

Бұған таң қалуға болмайды. Өйткені хунгур/та/тар қандай да бір істі қолға алмасын, оны бітіргенше тыным таппай еңбектенеді. Осыны жақсы білетін мемлекет билігіндегі Шыңғыс хан ұрпақтары небір қиын шаруаларды бітіруді хунгур/ат/ бектеріне жүктейтін. Бұл бір жағынан.

Екінші жағынан, мемлекеттік билік иелері – Шыңғыс хан ұрпақтары нағашы жұрты - хунгур/ат/тарды өте жоғары қадірлейтін. Себебі олар күллі түрік-моңғол текті халықтарды ұйыстырып, мемлекет құруларына нағашы жұрты - хунгур/ат/тардың аянбай еңбек сіңіргендігін жақсы білетін. Үшінші жағынан, әрі ең негізгісі - бабалары Шыңғыс ханның әкесі Есугейді татарлар улап, о дүниеге жөнелтіп жібергенде оның әйелдері мен бала-шағасы өз туыстарын жұртқа тастап, бөлініп көшіп кеткенде, оларға Хунгур/ат/тардың белді қариясы Шырқа ақсақал мен оның ұлы Меңлік қамқор болып, тоқшылықта өсіп-өнулеріне пана болғанын еш уақытта ұмытпайтын.

Осыдан болар Моңғол билігінде төрелерден жоғары, қағанның оң жаңбасын ала хунгур/ат/ билері отыратын. Шыңғыс хан жарлығымен ресмиленген бұл заң еш уақытта өз күшін жоймаған. Мұны XVIII ғ. жазылған «Фирдаус әл-Иқбал» (Бақыт жұмағы) атты Хунгур/ат/ шежіресінен де оқып білуге болады.

Хунгур/ат/тардың билеушісі – Шыңғыс ханның әкесі Есугейдің құдасы Дей шешен деген кісі болған. Осы Дей шешеннен Терге Емел, ал одан Тыным Гүреген дүниеге келген. Шыңғыс хан Тыным Гүрегенге «Ноян» деген атақ беріп, қарамағындағы ел-жұртымен және әскерімен Жошы ұлысына орналастырған. Ондағы ойы Тыным Гүреген Жошыға ақыл-кеңес беріп, қамқорлық жасап жүрсін дегені еді. Әрі империяның ең шұрайлы аймағы – Хорезмді хунгур/ат/тардың басыбайлы ата мекені болсын деген ақ ниетпен заң жүзінде құзырлап, бөліп берген-ді. Осыдан да болар Хорезм өлкесі сонау есте жоқ ескі замандардан бері қарай хунгур/ат/тардың төл отаны болып саналады деген пікір халық санасына сіңіп кеткен. Өйткені әлі күнге хунгур/ат/тардың басым көпшілігі Хорезм өлкесінде өмір сүреді.

Тыным Гүрегеннің немересі Ноғай ноян Болғар вилаетін 22 жыл басқарады. Оның ұлы Аққадай (Ағадай) баһадүр 30 мың үйлі хунгур/ат/тар мен 101 мың үйлі түрік текті жұрттар – болғарларды, шеркестерді және Қазан ұлысын басқарады. Аққадай 1312-1313 ж. аралығында маңғыт Сұңқар мырзаның қолынан қаза тапты.

Оның ұлы Нағадай (Нағанай) алғашында Жулат (Кавказ) елін басқарады. Нағадайдың есімінің алғаш рет жазба деректерге ілінетіні осы кезең. Әйгілі араб саяхатшысы Әбу Абдаллах Ибн Баттутаның (1304-1377) Жошы ұлысында саяхаттап жүргенде Бестау (Пятигорск) маңында осы аймақтың басқарушысы Нағадай бектің ел жақсыларын жинап, өзімен арнайы кездесу ұйымдастырғанын жазады. Бұдан кейінгі жылдары Нағадайдың Еділдің төменгі сағасындағы елдерді басқарып

жүргендігі туралы деректер татар тарихшыларының еңбектерінде жан-жақты мазмұндалған.

Жошы ұлысын Тоқта хан (1290-1312), одан кейін Өзбек хан (1313-1342) билеген тұста Ұлығ ұлыстың беклербегі (бас уәзірі) хорезмдік хунгур/ат/тар түлегі Құтлықтемір болған. Әрі Құтлықтемір өз жері – Хорезм өлкесінің басшысы міндетін де қоса атқарған.

Араб жиһангезі Ибн Баттутаның жазбаларында ақпараттанғандай, өңір басқарушысы Құтлықтемір өлкенің бас қаласы Үргеніштің өркендеп, гүлденуіне көп еңбек сіңірген.



Оның суреттеуінше, Үргеніш қаласы бір пейішті мекен сияқты. Сарайлары көрікті. Көшелері кең қолтықты. Жеке меншікті үйлері еңселі. Шаһар тұрғындары көп. Көшеге қарағанда теңіздің толқындары сияқты тербеліп бара жатқан сансыз адам. Әжетханалық және шайынды су ағатын канализациялық құбырлары бар, гүлге көмкерілген қала. Ол замандарда орыстарды айтпағанның өзінде, мұндай шайынды су айдайтын канализациялық құбырлар Еуропаның бас қаласы Парижде де жоқ болатын. Үргеніштің мұнаралы бас мешітін Құтлықтемірдің зайыбы ханым Төребике салдырған. Оның жанындағы мешітті өз қаражатына Құтлықтемірдің өзі тұрғызған. Ибн Баттута ұлыс бегі Құтлықтемірді өз заманының білімі мен білігі құп жарасқан заңғар тұлғасы, озық ойлы алдыңғы қатарлы қайраткері деп бағалаған.

1335 ж. 26 қарашасында Хорезм өлкесінің билеушісі Құтлықтемір қайтыс болады. Жылнамашылар Құтлықтемір беклербектің жасампаздыққа толы өмірі кейінгі ұрпаққа үлгі болсын

дегендей ақ ниетпен «Өзбек ұлысының басты тірегі болған әйгілі тұлға дүниеден озды» деп хаттамалап, жылнамада арнайы жазу қалдырған

Құтлықтемірдің Жошы ұлысындағы беклербектік лауазымдық және Хорезм өлкесіндегі басқарушылық қызметі онымен жақын туыстығы бар хунгур/ат/ Нағадай бектің құзырына өткен.

Нағадай бек Шыңғыс ханның бәйбішесі Бөрте анамызға жақын туыс болып келетін Бұлаған ноянның немересі атақты бек - Салжұдайдың немересі. Салжұдай Тоқта хан (1290–1312) билігі тұсында Ұлығ ұлыстың беклербегі (бас уәзірі) қызметін атқарған ірі тұлғалардың бірі.

Нағадайдың Жошы ұлысына Жәнібек хан (1342–1357) және Бердібек хан (1357–1359) тұстарында беклербектік (бас уәзірлік) қызмет атқарған әрі Хорезм өлкесінің билігін қолында бекем ұстаған Аққұсайын сопы және Ұлығ ұлыстың қаражат уәзірлігін басқарған Жүсіпсопы деген екі ұлы болған (Бейсенбайұлы, 2012:204-231 б.).

Бердібек хан (1357–1359) Жошы ұлысында бар-жоғы екі жылдай ғана билік құрып, 1359 жылы қайтыс болады.

Қорыта айтқанда, Жошы ұлысында жиырма жылдай уақытқа созылған аласапыран кезеңі орын алады. Әр аумақ Ұлығ ұлыстан бөлініп, жеке мемлекеттік құрылымдар құруға талаптана бастады. Осы дүрбелеңді пайдаланған Аққұсайын сопы да Хорезм өлкесін Жошы ұлысынан бөліп алып, Хорезм мемлекетін тіктетеді. Бұл мемлекет 1359–1388 жылдар аралығында өмір сүрді. Оны 7-ші атасы Шыңғыс ханмен туыстас болып келетін Барлас тұқымының түлегі Әмір Темір (Ақсақ Темір) мемлекетінің жауынгерлері талқандады. Әмір Темірдің бұйрығымен олар Үргеніш қаласын тып-типыл етіп тегістеп, орнына арпа екті. Тек 1760 жылдан кейін ғана Нағадай ұрпақтары Хорезм билігін қайтадан қолдарына шоғырландырды. Бірақ ол кезеңде өлкенің аталымы Хиуа хандығы деп аталатын. Хунгур/ат/тар билігіндегі Хиуа мемлекетін 1920 кеңес билігі құрдымға жіберді.

Дей тұрғанмен Хунгур/ат/ бектерінің Хорезм өлкесін түлетуге, оның астанасы Үргенішті Ұлы Жібек жолындағы халықаралық деңгейде маңызы бар сауда-саттық орталығына, инфрақұрылымы, мәдениеті, өнеркәсібі, қолөнері, ұсталығы мен өнім өңдеу кәсібі жан-жақты дамыған әсем қалаға айналдыруда атқарған жасампаздық еңбектері еш кетпеді. Әлі күнге әлемдік тарихнамада жазбаланып, ел басқарудың озық үлгісі (моделі) ретінде насихатталып келеді. Әсіресе, хорезмдік хунгур/ат/ бектерінің Жошы ұлысы (мемлекеті) халқының

бойына ислам дінінің Ханафи мәзһабын сіндірудегі ерен еңбектері барлық мұсылман елдерінде өте жоғары бағаланады.

Әдебиеттер

- Абу Рейхан Бируни. (1957). *Памятники минувших поколений*. Избранные произведения. Т.1. Т.
- Бейсенбайұлы, Ж. (2015). *Орталық Азиядағы ргытүрк сипатты мәдениетер: Этнотектік аспектілер*. Астана: Ғылым баспасы.
- Бейсенбайұлы, Ж. (2012). *Наганай бек және оның ұрпақтары*. //Елдікті ұлықтаған әулет. Ғылыми мақалалар жинағы. Құраст.: Х.М.Тұрсын, Т.Сүйімбаев. -Алматы: «Айтұмар» баспасы.
- Еңсегенұлы, Т. (2011). *«Авеста»-түркілерге ортақ мұра: Монография*. Алматы, Тоғанай.
- Закиев, М. З. (2011). *Глубокие этнические корни тюркских народов*. Астана:Кантана Пресс.
- Клейн Л.С. (2018). Антинорманизм как проявление «научного патриотизма» // *Троицкий вариант*. №: 253. с. 10–11.
- Малявкин, А. Г. (1989). *Танские хроники о государствах Центральной Азии*. Новосибирск.
- Малов С.Е. (1951). *Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования*. М., Изд. АН СССР, с. 451.
- Пьянков, И.В. (1972). Хорасмия Гекатея Милетского// *Вестник древней истории*. №, 2. с. 2-20.
- Статья опубликована в газете «Троицкий вариант-наука». №1 (170), 13 января 2015 г.*
- Хорезм в истории государства Узбекистана*. (2013). 14-29 -б.
- Шәлекенов, У.Х. (2002). *Түріктердің отырықшы өркениеті*. Алматы.
- Grugni, V., et. al. (2012). Ancient Migratory Events in the Middle East: New Cules from the Y-Chromosome Variation of Modern Iranians. *PLoS ONE*. Volume 7, Issue 7, pp. 1-14.
- Margaryan, A. (2020). Population genomics of the Viking world. *Nature*, 585(7825), 390-396. <https://doi.org/10.1038/s41586-020-2688-8>
- Underhill, Peter, A., et. al., (2014). The phylogenetic and geographic structure of Y-chromosome haplogroup R1a//*European Journal of Himan Genetics*, 23 (1), pp. 124-131.

Öz: Kökenleri Türklere dayanan halkların, genetik olarak Moğoloid görünümlü C haplogrubunun bir kolu olan C2'den türeyen C2c ve C2d, ayrıca Avrupaoid görünümlü OP bileşik haplogrubunun R kolundan türeyen Q1a, Q1a3, Q1a3a1; R1, R1a ve R1b; N kolundan türeyen N1, N1c1, N1b gibi tipik Orta Asya haplogruplarına ait oldukları biyojenetik olarak kanıtlanmıştır. Bu haplogruplar, Orta Asya'da yaklaşık M.O. 60-20 bin yıl önce ortaya çıkmış ve yaşamıştır. Bunlardan biri de "Hün-gür" etnonimini taşıyan bir soy topluluğudur. Hün-gürler çoğalıp yayılarak, diğer kardeş soy topluluklarıyla birlikte Orta Asya'ya yayılmış ve neredeyse tüm bölgeye yerleşmiştir.

Yaklaşık 11-12 bin yıl önce, Hün-gürlerin bir kısmı, yine Türklere dayanan diğer ata haplogruplarıyla birlikte Orta Asya'nın güneybatı bölgesinde yaşamışlardır. Çünkü o dönemde bu bölge sulak, yemyeşil ve av hayvanları bakımından zengin bir bölgeydi. Bu nedenle bölge, yaşam ve üreme için elverişli bir yer olarak kabul edilmiştir. O günden bugüne kadar bölgede kesintisiz insan yaşamının izleri görülmektedir. Hâlâ devam eden arkeolojik kazılarda elde edilen buluntular, katmanlaşmış artefaktlar, toponimler, hidronimler ve kesintisiz süregelen kültürel gelenekler buna tanıklık etmektedir. Görseller basından alınmıştır.

Anahtar Kelimeler: Horesm, Hün-gür, Horesmiya, Hün-gür/at/bekleri, İslam dininin Hanefi mezhebi

(Orazbek NUSKABAYEV. HORESM (HAREZM) HÜN-GÜRLERİ (Tarihsel-Etnososyolojik Analiz)

Аннотация. Коренными тюркскими народами являются Q1a, Q1a3, Q1a3a1, происходящие от C2c и C2d, ответвляющиеся от C2, ветви C гаплогруппы монголоидной формы, и от Q, ответвляющиеся от P составной гаплогруппы NOP европейской окраски; R1, R1a и R1b произошли от R; Чистые среднеазиатские гаплогруппы, такие как N1, N1c1, N1b, распространившиеся от N, биогенетически задокументированы как люди, произошедшие от первоначальных предковых племенных групп.

Эти гаплогруппы родились и жили в Средней Азии 60-20 тысяч лет назад. Одной из них была племенная община с этнонимом «хунгур». Хунгуры росли, размножались и расселились в Средней Азии вместе с другими родственными племенными группами и колонизировали почти всю ее.

Около 12 000-11 000 лет назад часть хунгуров обитала в юго-западном регионе Средней Азии среди других родственных им тюркских мужских гаплогрупп. Потому что в те времена этот край был краем водянистых лугов и множеством зверей и птиц. Исходя из этого, регион считается пригодным для питания и роста. С тех пор жизнь людей в регионе продолжается без каких-либо улучшений. Об этом свидетельствуют артефакты, полученные в результате археологических раскопок, которые до сих пор ведутся в регионе, слоистые слои артефактов, топонимы, гидронимы, культурные традиции, продолжающиеся без перерыва. Фотографии взяты из открытой прессы.

Ключевые слова: Хорезм, Хунгур, Хорезмия, Хунгур/ат/беки, ханафитская школа ислама

(ОРАЗБЕК НҮСҚАБАЕВ. ХУНГУРЫ ХОРЕЗМА) (историко-этно-социологическая экспертиза)

Yazar Katkı Oranı (Author Contributions): ОРАЗБЕК НҮСҚАБАЕВ (%100)

Yazarların Etik Sorumlulukları (Ethical Responsibilities of Authors): Bu çalışma bilimsel araştırma ve yayın etiği kurallarına uygun olarak hazırlanmıştır.

Çıkar Çatışması (Conflicts of Interest): Çalışmadan kaynaklı çıkar çatışması bulunmamaktadır.

İntihal Denetimi (Plagiarism Checking): Bu çalışma intihal tarama programı kullanılarak intihal taramasından geçirilmiştir.
